

Discoveryде демалу Түркиядан да керемет!

Жайнай бер, менің Республикам, жайнай бер, менің Қазақстаным!

2014 жылғы 6 шілдеде «Discovery» Балалардың сауықтыру орталығында «Жайнай бер, менің Республикам, жайнай бер, менің Қазақстаным!» девизимен төртінші лагерьлік маусымның салтанатты ашылуы өтті.

Әр адамның өз Отаны бар! Бұл сөздің мағынасын біз өзіміздің отбасымыз, тамаша қаламыз, өзіміздің кең байтақ республикамыз деп ұғынамыз!

Балалардың орталығына мемлекетіміздің әртүрлі қалалары және ауылдарынан ұлдар мен қыздар демалуға келді. Барлық балалар Қазақстанның байтақ даласына сырттай саяхатқа поездға мініп аттанды. Саяхаттың қорытындысы карта болып табылды.

Саяхат шығармашыл және естен кеспестей болды! Барлық демалушылар әртүрлі қалаларға тоқтап, түрлі экономикалық аудандарда болып, әр өңірдің қызықты ерекшеліктерімен танысты, тәлімгерлер мен балалардың жандандырылған қойылымдарын тамашалады.

Тәлімгерлердің орындауындағы «Здравствуй, столица!» әні ашылу салтанатының ерекшелігі болды. Алматы мен Тараз, Шымкент пен Атырау, Ақтөбе мен Жаңаөзен, Қарағанды мен Теміртау, Павлодар мен Петропавл, Екібастұз және республикамыздың бас қаласы – Астана сияқты өз қалаларының атауларын естігенде залда отырған балалар ыстық ықыласқа бөленді!

Дәстүрлі түрде туды алып шығу салтанатты жиынның шарықтау шегі болды. Тутұғырға Туды көтеру құрметі лагерьдің үздік тәлімгерлеріне бұйырды.

Көтеріңкі көңіл-күй, қуанышты күлкі мен сыңғырлаған әндер, гүлдердің хош иістері, сенімді достар мен жаңа дарындармен кездесу туралы хабарлайтын Ту көкке самғады!

Алдымызда көптеген жаңа іс-шаралар күтіп тұр: халықтар достығының фестивалі, КТБ (көңілді тапқырлар клубы), жазғы жаңа жыл, шығармашыл байқаулар мен бұқаралық жағымды әсерлер!

Балалар орталығында әртүрлі қалалардан келген балалар жиналды. Олардың барлығы әртүрлі, бірақ оларды Discoveryге деген махаббат біріктіреді.